

«Қазіргі тіл білімінің өзекті мәселелері»

Жоспар:

1. Қанағат Жүкешевтің тіл туралы ойы.
2. Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы.
3. Тіл қоғамның қызметі.

Бүгінгі таңда елімізде тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қарқынды жүргізіліп жатыр. Бағдарламаның негізгі мақсаты - Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты. Әйтсе де, тіл мәселесінің түйіткілді тұстары жоқ емес. Мәселенің мәніне үңілу үшін қазіргі кезде осы тақырыпта ізденістер жасап жүрген тәуелсіз зерттеуші, доцент, 100-ден астам ғылыми еңбектердің, солардың ішінде 2 монография, 5 оқулық, 13 оқу-әдістемелік құралдарының авторы Қанағат Жүкешевтің ойларына назар салсақ. Қанағат мырза, тіл мәселесінің түпкі себебі туралы әркім әр түрлі пікірлер айтады. Сіздің ойыңызша, тілдік проблеманың тамырын жанандық өзгерістерден іздеуге бола ма? Оның қазақ қоғамының дамуына ықпалы қандай?

- Қазіргі қазақ тілі мәселесінің түпкі себебін алдыңғы қатарлы қоғамдар дамудың индустриялы басқышына өтіп кеткенде, қазақтардың аграрлы басқышта қалып қоюынан, соның салдарынан, өз ішінде әлеуметтік және тілдік белгілері бойынша бөлініп, ұлттың рухани екідай күйге ұшырауынан іздестіру керек. Былайша айтқанда, халықтың орыстілді бөлігі индустриялы қоғамда, қазақ тілді бөлігі аграрлы қоғамда өмір сүріп жатыр. Бұл ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық формация деңгейіндегі артта қалуының көрінісі болып табылады. Бұл тезис тереңірек интерпретация жасауды қажет етеді. Тіл – мәдениеттің маңызды категорияларының бірі, өйткені адамның дүниетанымы тіл арқылы қалыптасып, көрініс табады. Ол халықтың рухани өмірін, салт-дәстүрінің, әдет-ғұрпының, ұлттық мәдениетінің ерекшеліктерін бейнелейді». Қазіргі әлемде тиімді қарым-қатынас процесі танымал және интегралды құбылыс болып табылады, бірақ ол сөйлеу, мәдени және этникалық компоненттерді, сондай-ақ қарым-қатынас және таным мәдениетіне байланысты тіл құбылысын дұрыс түсінбеумен байланысты проблемаларсыз емес.

Қазақ тіл білімінің даму кезеңдерінде әсіресе, Қазан тенкерісінен кейінгі он жылдық ерекше аталады. Қазақ әдеби тілінің Кеңес дәуіріндегі дамуын мерзімді баспасөз тілінің негізінде зерттеген С. Исаев: «Совет өкіметінің алғашқы жылдарының кезінде-ақ көркем шығарма тілінің дамуымен қатар ресми стильдің көрінісі ретінде ғылыми шығарма, публицистикалық шығарма, баспасөз тілі өз алдына жеке қалыптасып дами бастады», — деп жаза отырып, мынадай қорытындыға келеді: «Совет дәуіріндегі газет-журнал тілін зерттеудің нәтижесінде жазба тіліміздің бір ізге түсіп, нормалана бастауын да байқай аламыз. Басқасын былай қойғанда, тіпті 1920 жылдардың бас кезі мен аяқ кезіндегі газет-журналдың тілінде біраз айырма байқалады. 20 жылдардың аяқ шенінде баспасөз тілінің екшеленіп, сараланып, қажетсіз элементтерден арыла түскенін көреміз. Әсіресе, «кітаби» тіл дәстүрінің элементтері құлдырап, кеми бастағанын анық байқауға болады. 20-жылдары А. Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының ғылым тілін ана тілінде қалыптастыру жөніндегі бастамалары ғалымдарымыздың айрықша назарын аударатындығы ілгеріде де айтылды. Сөз мәдениеті пәнінің қазіргі жай-күйі алдымен қазақ тіл білімінің өткендегісімен және бүгінгі даму деңгейімен, жалпы тілтанымдағы дәстүрлі парадигмалардың жаңа парадигмаларға ығысып орын беру үрдісімен де байланысты. Қазақ сөз мәдениетінің пән ретінде қалыптасуының алғышарты ретінде әсіресе қазақ тілі бойынша жазылған алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарында (А.Байтұрсынұлы, К.Жұбанов, І.Кенесбаев, М.Балакаев, С.Аманжолов т.б.) грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық нормалардың

ереже түрінде берілуі әдеби тілдің кодификацияланған нормаларды қалыптастыруда маңызы ерекше болды.

2. Тіл білімінің басқа ғалымдармен байланысы.

Қазақ тіл ғылымның бастауы тіл табиғатын жан-жақты зерделеген ғылыми еңбектермен қатарласа қалыптасқандықтан, оның теориялық бірліктері мен ұстанымдары да, бағыт бағдары да белгілі бір ережеге бағына, жүйелі реттілікте сақтай отырып жүзеге асты деп айта алмаймыз. Тіл болмысың, оның қызметін адамзат атаулының тұрмыс-тіршілігімен, таным-қабылдауымен, пайым-түсінігі мен байланыстыра зерделеу арқылы өзектелген бұл сала алғашқыда пәлсапа мәселелерінің тілдік тұжырымдарға етене араласуымен өзгешеленсе, одан кейінгі кезекте мұнда ғылымдардың ара-жігін ашуга ұмтылу, тілдің құрылымдық жүйесін сұрыптау, ал экстра факторларды екінші кезекке қалдыру әрекеттері көбірек байқалады, сол себепті аталмыш зерттеулерде танымдық ұстанымдардың деңгей-дәрежесі де бір қалыпты дамыған жоқ. Дегенмен, «Адамзат баласы қашанда өзін қоршаған ортадағы заттар мен құрылыстардың мәнін, сыр-сипатын жете білуге тырысқан. Бірте-бірте олардың даму заңдылықтарын ашып, дүниетанымын кеңейткен», -деп ғалым Б.Сағындықұлы атап көрсеткендей, таным мәселелері адам баласының назарын әрдайым өзіне аударып келгендіктен, бірде арнайы, бірде қосымша қарастырылған тілтанымдық ұғымдар мен бірліктер, олардың ғылыми теориялық ұстанымдары бүгінгі күні аса құнды тұжырымдар қатарын қарау үстінде. Олар жаңа когнитивтік концепциялардың дүниеге

келуіне түрткі болумен қатар, тіл ғылымын соны әдіснамалық жетістіктермен қамтамасыз етуге көмектесті. Нәтижесінде адамзат тілін зерттеудің өзгеше сатылары

негізделіп, тек тілтанымдық этюдтер ғана емес, маңызды теориялық ілімдер де топталды. Соның арқасында қазақ тіл білімінің зерттеу шеңбері кеңейіп, өзге лингвистикалық бағыттармен қатар когнитивтік негізде өрілген қағидалардың да әлемдік жетістіктермен қатарласа дамуына мүмкіндік пайда болды. Оның айқын айғағы ретінде тілдік фактілердің таным категорияларымен сабақтасуын, жекеленген лексикалық бірліктерді зерттеуде тарихи таным әдістерінің қолданылуын, құрылымдық грамматика мәселелері мен адамзат эволюциясының даму заңдылықтарының ұштасуын, интра және экстралингвистикалық мәселелердің күн тәртібіне қойылуын әрі адамдық фактордың жан-жақты өзектеле бастауын келтіруге болады. «Тілдің кез-келген тарихи кезеңінде оның әр бөлшегі динамикалық тепе-теңдікте бола тұра, өз бойында лингвистикалық, элеуметтік, психологиялық және өзге де факторлардың ықпалын сезінеді. Олардың басым көпшілігінің құпиясы әлі толық ашылмаған» делінгендей, қазақ тілтаным ғылымның дүниеге келуі мен теориялық сараптамадан өтуін дәйектейтің фактілер қатарында, біріншіден, жалпы тіл ғылымның даму негіздерін; екіншіден, жеке тілдік ізденістердің жүзеге асу жолдарын атаған орынды, өйткені ішкі сезім мен білімнің, тану мен қабылдаудың, біліктілік пен әлемдік тәжірибенің тоғысуынаң құралған бұл тұжырымдар әрі субъективті, әрі объективті ұстанымдарға сүйене қалыптасып отырды. Демек, оның негізгі нысанына айналған тіл мен таным бірліктері де ғылым аралық байланыстың, объективті шындықты субъективті түрде бейнелейтін заңдылықтың нәтижесі тұрғысынан ұғынылса, олардың астарында ұқсату немесе балау, образды түрде қабылдау, зейін қою, жадында сақтау әрекеттері жатыр деп есептелді. Осыған орай, қазақ тілтаным ғылымында сөз болған тілдік құралдар когнитивтік сипатта, негізінен, келесі топтарға жіктеліп ұсынылып отыр: ұқсату яғни аналогиялық қабылдауға негізделген бірліктер; метафоралар; этномәдени белгілер; мәдениет константтары мен символдық ұғымдар және этнографизмдер мен этнолингвистикалық арналар.

3. Тіл қоғамның қызметі.

Тілдік категориялардың қалыптасу, даму өзгешеліктерін зерделеген ғалым Н.Т.Сауранбаев, ең алдымен, тіл білімінің қоғамдық сипатына мән берді. Ғалым «Тіл ғылым — элеуметтік

ғылымдардың бір көрнекті бөлігі.." дей отырып, «уақыт», «жаратылыс», «дәуір» ұйымдарын лингвистиканың құрылымдық мәселелерін анықтауға бағыттады, сол себепті оның еңбектерінде қоғамдық өзгерістер тілдік жаңарулармен яки толығулармен қатар беріліп талданды. Екі процестің даму динамикасын тығыз байланыста сұрыптаған автор тіл құрылысының сипатын уақыт тезінен өте қалыптасатын ерекшелік ретінде қарастырғандықтан, құрмалас сөйлемдер табиғатын «Неғұрлым қоғамының алыс уақыттағы дәуірлеріне терең бойлай берсек, тілдің құрылысының да соншалықты жабайы болатынын кереміз. Сол сияқты неғұрлым осы заманға жақындаған сайын, тіл құрылысының қыйындағаның, жаңаланғаның көреміз» деген тұжырымды келтірді. Ғалым М.Балақаев «Тіл — әлеуметтік құбылыс. Бала ана тілін қоғам мүшесі ретінде пайдалануды табиғи айналадан үйренеді» дей отырып, тілтанымның әлеуметтік заңдылықтарын сұрыптауда адамның тіл жұмсау" әрекетін басшылыққа алды, оны адамның „қоғам мүддесіне лайық көптеген іс-әрекеттердің бір бөлігі" деп есептеді. Осыған орай, тілші қоғамдық сананың қалыптасу алғышарттарын тілдік дамудың оның, жаңа сапалы тіл қажеттіліктерін атқаруының салдары деп түсіндірді. Оған дәлел ретінде зерттеуші, «Ешбір қоғамдық құбылыс дербес, дара, оқшау қалпында басқа құбылыстармен байланыссыз өмір сүре алмайтының» атап өтті. Сондай құбылыстар қатарында М.Балақаев тіл мен әлеуметтің бір-біріне әсер ету нормаларына ерекше зейін қойды, сондықтан „...қоғам ол [тілді] құралды шындай.түсу қамын ойлайды. Өйткені қоғам өмірінің биік шыңға кетерілуі, адамдардың ой-өрісінің, сана-сезімінің, экономика, өнер-білім, ғылым, мәдениетінің біріне-бірі ілесе ілгері дамуы, сөз жоқ, оның тіліне де ықпалын тигізеді" деген қорытынды жасады. Оның айқын айғағы ретінде тілші әдеби тілдің, оның стильдік тармақтарының даму үлгілерін сөз етті. Сөйтіп, „қоғам мүшелерінің қатысымен" дамиды және қоғамның „ әр қилы орайындағы тілдік тәсілдердің белгілі бір мақсатқа жинақталуымен" жүзеге асатын бұл лингвистикалық ұғымдарды қоғамдық категориялар" деп таныған ғалым тілтанымның әлеуметтік негіздерін қалыптастыруға ат салысып қана қойған жоқ, сонымен қатар оның ғылыми-теориялық дамуының да алғышарттарын ұсынды. Жалпы тіл білімінің теориялық топшылаулары мен қорытындыларын дамытқан К.Аханов зерттеулері де тіл мен қоғамның қарым-қатынасын екі жақты байланыс үлгісінде қарастырған ғылыми ізденістер нәтижесін құрайды. Олай болса, қазақ тіл біліміндегі тілтанымның әлеуметтік негіздерін қоғам, қоғамдық сана мен ой-өріс, қоғамдық таным, әлеуметтік тыйым, әлеуметтік картина, заман, тұрмыс мәселелері, тежірибе сынды ұғымдар құрайды, себебі ғалым О.Хасенов атап өткендей, «қоғамсыз тіл болмайды, тілі жоқ қоғам — адамзаттың ешбір қауымы болмайды. Демек, қоғам үшін тіл керек; тілдің өмір сүруі үшін оның қоғамы болу керек. Бұл — ақиқат та тарихи шындық », яғни қоғамдық құрылыстың құрамды бөліктері тілтанымның универсалды әлеуметтік негіздерін анықтау үшін, ал тіл мен танымның ұжымдық бірліктері қоғамның даму сипатын айғақтау үшін аса қажет.